

## **№9 жоба. АҚ «Ғылым қоры».**

Тақырыбы: «Көп дәнді шикізаттан жасалған "Ai-Kun" инновациялық макарон өнімдерін өндіру».

Жоба жетекшісі – кафедра оқытушысы Жалелов Д.Б.

2024-2026 жылдарға қаржыландыру көлемі – 695 810 637,08 теңге.

Жоба бойынша зерттеулерге: Жалелов Д.Б., Оспанов А.А., Тимурбекова А.К. тартылды.

Дәстүрлі емес көп дәнді ұн шикізатынан дайындалған макарон өнімдері басқа ұн өнімдерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие: маңызды қоректік заттардың жоғары сiңiмдiлiгi, жоғары тұтынушылық қасиеттері (әрбір санаттағы адамдар өздерінің дәмдік қажеттіліктерін қанағаттандыра алады), салыстырмалы түрде ұзақ сақтау мерзімі және халықтың көпшілігі үшін қолжетімділік. Алайда, мұндай өнімдер біздің елде өндірілмейді, өндірушілер жұмсақ бидайдан жасалған нан ұнын қолдануға мәжбүр, оның ақуызында маңызды аминқышқылдарының «тапшылығы» бар. Сондықтан, ассортиментін кеңейту және дәстүрлі емес көп астық шикізаты негізіндегі макарон өнімдеріне ең жақсы тұтынушылық қасиеттерді беру кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Бұл Жоба көп астық шикізатынан функционалды макарон өнімдерін өндіруге инновациялық әдісті енгізу арқылы ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің бұрын алынған нәтижелерін (2018-2020 жж.) коммерцияландыру мақсатында дайындалған.

Жобада «Val Halal» ЖШС жеке серіктес және Грант алушы ретінде әрекет етеді. Бұл компания 2023 жылдың 15 желтоқсанында Алматы қаласы Алатау ауданында орналасқан «Алматы индустриалды аймағы» ЖШС-не өз аумағында тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары инновациялық макарон өнімдерін шығаруды ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады. Заманауи технологиялар тағамдық бояғыштар мен қоспаларды пайдалана отырып, кез келген түрдегі және пішіндегі өнімдерді, сондай-ақ тұтынудың әртүрлі әдістерін шығаруға мүмкіндік береді. Болашақта жобада макарон өнімдерінің келесі түрлерін (қысқа және ұзын кесілген) кезең-кезеңімен өндіруге енгізу қарастырылған: Түрлі түсті макарон өнімдері; Спагетти; Мүйіздер; Вермишель; Қабықтар; Кеспе мен Жайма. Дәстүрлі емес көп дәнді ұн шикізатынан инновациялық макарон өнімдерін өндіруді игеру арқылы жаңа рецептілерді пайдалана отырып, мысалы: Арпа ұны; Жүгері ұны; Сұлы ұны; Қаракұмық ұны; Бұршақ ұны; Күріш ұны; Соя ұны; Тары ұны; Жасымық ұны; Ноқат ұны; Зығыр тұқымы ұны; Бұршақ ұны; Тритикале ұны және бидай ұны, макарон өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру жоспарлануда.

Жобаның құны 704 101 865 теңгені құрайды, оның ішінде гранттық қаржыландыру 347 953 929 теңге және қоса қаржыландыру 356 147 935 теңге.

Қаржылық үлгіге негізделген барлық есептеулер салынған инвестициялардың тиімділігін көрсетеді – гранттық қаржыландыру және жеке серіктес «Val Halal» ЖШС-нің бірлескен қаржыландыруы. Сату көлемінің кезең-

кезеңімен өсуінің арқасында ішкі табыстылық нормасы (IRR) 8,0 % құрайды, жобаның өтелу мерзімі – 5 жыл.

Жоба бойынша 7 жыл ішінде жинақталған таза пайда 871 636 700 теңгені құрайды. Жобаны іске асырудың 4-ші жылынан кейін ROS сатудың рентабельділік коэффициенті 20%-дан асады, бұл өндеу өнеркәсібіндегі салалық орташа мәндерге сәйкес келеді (15 % және одан жоғары). Жалпы табыстылық коэффициенті де 19,9 %-дан асады.

Осылайша, бұл инвестициялық жоба экономикалық тиімді, сондықтан бастамашылар осы Коммерцияландыру Жобасын іске асыруды бастау туралы стратегиялық шешім қабылдады.